	үшін, қандай заттар керек? Балалар: - леген, су, қайшы, қасық.... Тәрбиеші: - Топтастырып қойдық, бірақ қайшы, түсті жіптер қалып қойды. Неге? Қажет емес пе? Бұл заттар қажет, бірақ басқа рәсімге. Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт - дәстүрді кім біледі? Біз бүгін жаңа салт - дәстүрмен танысамыз. Балалар отырады. Тәрбиеші: Отбасының үлкен қуанышының бірі – сәби. Сәби аяғын алғаш рет басқанда тұсау кесу рәсімі өткізіледі. Тұсау кесу рәсімін – бала тез жүріп кетсін деп өткізеді. Топқа әже, бала кіреді. Балалар әжемен амандасады. Әже: Осы отаудың қуанышына кішкентай баламыздың тойына келіпсіңдер, қадамдарыңызға..... бітсін:	Жазда күн ыстық болады, шомылуға барармыз. Омар Жауып жаңбыр, Жер сабыр, Шөп, жапырақ солады Бұл қай кезде болады? (Күз) Күз ерекшелігін сұрау. Күзде күн қандай болады? Күн суытады, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Жеміс - жидектер пісіп, жинаймыз. Жұмбақ шешуін тапқан қандай қызық балалар, ал жұмбақты ойлап тапқан одан да қызық екен. Ал енді, балалар ертегілер еліне саяхатқа барайық. Балалар мына жерден қандай ертегілерді көріп тұрмыз? Бауырсақ, Шалқан, Алладин, Қаңбақ шал, Маугли, Қызыл телпек, Мақта қыз бен Мысық, Алдар көсе, Жеті лақ.	сұхбат алады. Балалардың қалауы бойынша «тілші» рөлі ауысып отырады. Ұйымдастыру - іздену II. Негізгі бөлім. 3. Тыныштық сәтін өткізу. 1. Дәптердің 4 - 5 беттердегі суреттер бойынша әңгіме құрастыру. Тірек сөздер: ойын бөлмесі, тәрбиеші, ойыншықтар, ойын алаңы, құм, сырғанау, әткеншек, шелек. 2. Н. Әлімқұловтың “Балабақшам – байлығым” немесе балабақша туралы басқа ақындардың өлеңін оқу. 3. Сергіту сәтін өткізу. Бала, бала баламыз, бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа батамыз да қаламыз. Үйренеміз өнер біз, шетіміздан шеберміз. Тақпақ айтып, ән де айтып, би де билеп береміз. 4. Дәптермен жұмыс (4 - 5 беттері	жерге қоямын. Оған Меруерт тұрады, оның оң жағына Нұрлан, сол жағына ...,алдына ... тұрады. - Ал қазір балалардың әрқайсысы оң жақта (сол жақта, артта және т.с.с.) кім тұрғанын айтады. - Одан кейін педагог топтағы балалардан бір-біріне және сөйлеушіге қатысты кімнің қайда тұрғанын айтуды сұрайды. Ұйымдастыру- іздену. Туындаған проблемалық жағдайды шешу үшін қағаз парағымен таныстыруды жүргізуге болады. Ол әдетте кәдімгі ақ парақпен таныстырудан басталады. Педагог балалардан сұрайды: – Бұл не? – Оның пішіні қандай? – Бұл қандай жағы? Балалар жауап беруге қиналған жағдайда, педагог жалғастырады: – Бұл жағы қайда	стюардесса хабарлайды. - Ұшаққа өзіммен бірге неше кг жүк ала аламын? - Өзіңізбен бірге 10 кг жүк ала аласыз. Қалған жүгіңізді Алматының жол жүгі бөлімінен аласыз. - Менің бірінші рет ұшаққа отыруым еді. Егер ұшақта жүрегім айнысса, гигиеналық пакет керек болса, не істеуіме болады? - Егер ұшақта жүрегіңіз айнысса, стюардессаны шақыруға болады. Ол сізге минералды су мен гигиеналық пакет береді. - Ұшақтың билеті неше теңге тұрады? - Ұшақтың билеті 15000 теңге тұрады. - Ұшаққа отырғызу сағат нешеде басталады? - Ұшаққа отырғызу сағат бесте басталады. - Билетті қай кассадан ала

	Мына кішкентай ұрпағы өмірге қадам басқалы отыр. Ауыл әжесі, өзіңізден тұсау кесер батаны сұраймыз. (балалар қолдарың жайып отырады) Әже бата береді: Ей, жаратқан, тілегімізді қабыл ала ғой! Жас ұрпақ, ғұмырлы болсын, Қуанышты, көңілді болсын, Ақылды, зерделі болсын, Абыройлы, беделді болсын, Халқының..... болсын. Елінің қамқоры болсын Мәртебесі биік болсын, Не тілесе, тілегі қабыл болсын! Осы тілекке жететіндей Әр бір қадамы сәтті болсын Әумин! Бәрі: Әумин деп беттерін сипайды. Әже: Баланың тұсауын	Біз барлық ертегілерді біледі екенбіз. Енді сендерге осы ертегі бойынша жұмбақ жасырайын. Екі команданың қайсысы бұрын жауап берер екен? Жұмбақ Қашып кеткен атадан, Қашып кеткен ападан, Орманда кеше жүр едім, Домалап шықты алдымнан Шешуі: (Бауырсақ) Жұмбақ Кедей еді бұл бала, Айы туды оңынан, Жын шығады керемет, Сиқырлы оның шамынан (Алладин) Жұмбақ Үй жинаған ұқыпты, Бір қыз бопты ертеде Тыңдамаған мысықты Салыпты ғой әлекке (Мақта қыз бен мысық) Жұмбақ Джунглиде өскен жасынан,	бойынша). а) Педагог үздік сызықтарды (баланың балабақшаға дейінгі жолын) қалай қосып сызу керектігін және штрихтауды тақтада көрсетеді. 5 - беттегі үздік сызықтарды қосып сызу арқылы доптардың суретін салу және оларды бояу. Педагог балалардың жұмысын тексеріп, қалай сызу, штрихтау керектігін әр балаға көрсетіп жүреді. Рефлексифті түзету III. Оқу іс - әрекетін қорытындылау. Оқу іс - әрекеті барысында алған білімдері сұрақ - жауап әдісі арқылы пысықталады. Күтілетін нәтиже: Білу: сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға жауап беруге үйрету Игеру: Балаға өз ойын жүйелі түрде айтуды игерту. Меңгеру: Мектепте	орналасқан? Сұрақтарды ретімен қоя отырып, балалар жоғарыда тұрған жағы – жоғарғы, төменде орналасқан жағы – төменгі, оң жақта орналасқан жағы – оң, сол жақта орналасқан жағы– сол жақ, жоғарыда сол жақта орналасқан бұрыш – сол жақ жоғарғы бұрыш, жоғарыда оң жақта орналасқан бұрыш – оң жақ жоғарғы бұрыш және т.б деп аталады деген қорытындыға келеді. Парақ бойынша саяхат – «Сиқырлы парақ». Бір парақ пен бес қарындаш өмір сүріпті. Бір күні олар бірге ойнамақшы болыпты және қарындаштар парақ бойынша саяхатқа шығыпты. Бірінші болып сары қарындаш жөнеліпті, ол жоғарғы жағына барып, сары сызық сызыпты. Екінші болып қызыл қарындаш кетіпті, ол төменгі жағын тауып, қызыл сызық	аламын? - Билетті екінші кассадан ала аласыз. - Берген мәліметіңізге көп рақмет. 3 - тапсырма. Кестеге қарап, рейстер туралы әңгіме. **Математика негіздері** Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету; **Шығармашылық бейнелеу әрекеті** **Сурет салу** Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдері орамал,шапан,камзол «Әжемнің камзолы» Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық киімі-қамзолмен таныстыру және оны

	кесер тойына әдейі тілек етіп, мына жіптерді дайындадым. Ақ жіп қостым – адалдыққа апарсын деп Жасыл жіп қостым – ғұмырлы, көсегесі көгерген азамат болсын деп Қызыл жіп қостым -..... қызылға оранған молшылықты болсын деп. Ақ жол дайындау. Әуен. Тәрбиеші: Ендеше, жүріс - тұрысымен де, ақылы парасатымен де, көргенділігімен де көзге түскен ауыл азаматты..... баламыздың тұсауын кесіп беруді өтінеміз. Тұсау кесетін әже: А, Бисмилла ир - рахман - ир – рахим Аяғыңның орасын қашықтап ұста, сонда өмірден кібіртіктемей өтсін, осалдау байлайын ырысты бол! Ал, кәнеки, қайшы әкеліңдер – дейді	Епті бала болыпты, Багира, Бану достары Шерхан оның қас жауы (Маугли) Жұмбақ Кішкене қыз орманға Жалғыз өзі барады. Апасына қартайған Дәмін салып алады (Қызыл телпек) Жұмбақ Аяғынан тұсаулап, Кемпір оны ұстайды. Желмен ұшар желпілдеп Босап кетсе бұл шалы (Қаңбақ шал) Әділқазылардың бағасы. 2 - айналым «Ғажап сәт» Жылқы кіреді. Амандасу. Жылқы қандай жануар балалар? Үй жануары Жылқы төрт түлік малға жатады. Биыл қандай жыл келді? Жылқы туралы қандай мақал - мәтел білеміз?	достарымен, үлкендермен қарым - қатынаста кішіпейіл болуды меңгерту. **Қоршаған ортамен таныстыру** Өсіміктер әлемі өсімдіктер әлемі Мақсаты: Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп, өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттілігімен дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту. Тәжірбиелі жұмыстар арқылы балалардың табиғатқа деген көзқарасын кеңейту. Экологиялық тәрбие беру. Әдіс-тәсілдер: Сұрақ – жауап, әңгімелесу, көрсету. Тәжірбиелік жұмыстар және көрсету түсіндіру. Сөздік жұмыс өсімдіктер. Көрнекіліктер: Гүлдер, гүлдердің суреттері.	сызыпты. Оң жағын жасыл қарындаш, ал сол жағын көк қарындаш сызыпты. Парақтың ортасында қара қарындаш қалыпты, ол сол жерге үй салған екен. Бұрыштарды тең бөлуге шешім қабылдап, екі түспен сызыпты. Барлық қарындаштар үйге жиналып, тағы да қалай ойнасақ болады деп ойланыпты. Ойланып-толғанып, қуаласпақ ойнамақшы болып шешіпті. Жоғарғы жағында сары сызық сызылған және жоғары қарай сары қарындаш жүгіре жөнеліпті, төменге қарай қызыл қарындаш, оң жаққа жасыл қарындаш, ал сол жаққа көк қарындаш жүгіре жөнеліпті. Содан кейін іштері пыспауы үшін қарындаштар екі-екіден жүгіріпті: оң жақ жоғарғы бұрышқа сары және жасыл қарындаштар жүгірді; сол жақ жоғарғы бұрышқа – сары және	Өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: Қазақтың ұлттық ою-өрнегі және қазақтың ұлттық киімі-камзолдың суреті Қажетті құрал жабдықтар: ақ қағаз,фломастер,қылқалам,су. Сөздік жұмыс: әшекей,әшекейлендіру. «Оюды құрастырып атын ата» ойыны. Тәрбиеші балалардан қазақтың қандай ұлттық ою-өрнектерінің атын білетіндерін сұрайды.Тәрбиеші балалардың қазақтың қандай ұлттық киімдерін білетіндерін сұрайды. Тәрбиеші балалардан қазақтың қандай ұлттық ою-өрнектерінің атын білетіндерін

	әже. Балапаным, құдай жақсылықтан ажыратпасын Жақсы ісінмен бақытқа жет! Бисмилляһи – ир – рахман – ир - рахмин – деп тұсау кеседі. Қаз – қаз балам, қаз балам. Қадам бассаң мәз болам. Құрмеуіңді шешкейсің Тұсауыңды кесейін. Балалар: қаз - қаз, балам, қаз балам, ... жаз балам. Тәрбиеші: - Тойда, балалар, әр түрлі ойын ойнайды. Ойын: «Ханталапай» (асықпен ойын) Жеңімпаз бала сәбиге тілек білдіреді. Тәрбиеші: - Бүгін қандай дәстүрмен таныстық? - Тұса кесу. - Тұсау кесу дәстүрін не үшін өткізеді? - Бала тез жүріп кетсін	Жылқы жылы келді. 1. Жылқы еті шекер, сүті бал. 2. Жүзден жүйрік шығады, Мыңнан тұлпар шығады 3. Ат айналып қазығын табады, Ер айналып елін табады. 4. Бір түлікке бай болғанша, Төрт түлікке сай бол. 5. Түйе малдың қасқасы, Жылқы малдың патшасы 6. Ер қанаты – ат. Ойынның аты Ал енді, балалар сендерге жылқы өзінің ойынын алып келіпті. Жемістер мен көкөністер. Мақсаты: балаларға қыста ауырмау үшін, жемістер мен көкөністерді көп жей отырып олардың пішінін, түр - түсін атау. Балалар ойынға қызыға қатысып, түр - түсін, пішінін атай алды. Үш тілде санап өтті. 3 - айналым.	Биллингвалды топтама: Гүлдер-цветы Күнбағыс-подсолнух Өсімдіктер-растение Сәлеметсіздерме балалар. Балалар бүгін бәрің құлпырып кетіпсіңдер? Өйткені, бізге бүгін көптеген онақтар келіп тұр. Ал балалар онда қонақтармен сәлемдесіп алайық. 1.Ал балалалар айтыңдаршы Қазір жылдың қай мезгілі ? 2.Көктем айларын атаңдаршы ? Көктемде қандай өзгерістер болады ? 4.Көктем жайлы тақпақтар білесіндерме ? Балалар бүгінгі оқу-қызметіміз барысында өсімдіктер туралы әңгімелейміз. Гүлер: бөлме, бақша, дала гүлдері, болып бөлінеді. Демострациялық	көк; оң жақ төменгі бұрышқа – жасыл және қызыл; ал сол жақ төменгі бұрышқа – сары және қызыл қарындаштар жүгіріпті. Ал қара қарындаш оларды ұстай алмай қойыпты. Ойын барысында балалар парақта бағдарлар бар екенін түсінеді: жоғары, төмен, оң жағы, сол жағы, парақтың ортасы. Сергіту сәті. «Ұшақ» балалар аяқтарын алшақ қойып, қолдарын екі жаққа созып, оңға-солға бұрылады. Рефлекстік – түзету Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды.Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликті салуға болады. **Қоршаған ортамен танысу** «Салт-дәстүр»	сұрайды.Камзол жайында әңгімелеп,оның пішініне,көлеміне,ою-өрнектерімен әшекейленуіне назар аудартады. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық! Қолды белге қояйық. Жоғары төмен қарайық, Қос аяқтап секіріп, Бойымызды жазайық. Камзолды салу үлгісіне қарап, сурет салу әдіс тәсілдерін түсіндіреді. -Камзолдың суретін салып,жеңіл сүйкей жағу тәсілімен бояймыз. Содан кейін жиегіне ою саламыз. Фломастермен ккмзол жиегіне үшбұрыш тәріздес өонек жасаймыз,қолымызды қағаз бетінен алмай салып жаттығамыз.Үлгіде көрсетілген ою-өрнектердің түстерін таңдауға,оларды дұрыс

	деп. - Қандай түсті жіптермен қолдандық? - Қызыл, жасыл, ақ. - Тұсауын кім кесті? - Әже. Әже: Өркендерің өсіп, қарақтарым. Менің балам да сендердің орталарыңда дені сау болып өсіп, ел тілегін өтей алатындай дәрежеге жетсін. Шашу шашылады. Қоштасу. «Ұлттық киімдер» топтамасымен жұмыс. Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру **Дене шынықтыру** Адам деңсаулығы дұрыс тамақтану. Шынықсаң шымыр боласың, Сауығып айдай толасың. Спортты серік ете біл, Жақсы азамат боласың. Жеңімпаз болу оңай ма, Арман болған талайға? Болмасаң да ұқсап бақ,	«Ойлы болсаң озып көр» Балаларға тақпақтың басын айтып, балалар ойлана отырып жалғастырады. Тақпақтар. Ал енді, балалар тақтаға қараймыз. 1. Сиыр сүйеді баласын - торпағым деп 2. Жылқы сүйеді баласын – құлыным деп 3. Қой сүйеді баласын – қоңырым деп 4. Ешкі сүйеді баласын – лағым деп Қараңғыға баспаған қорқағым деп Тұлпар болып жүгірер жұрыным деп Ештеңені білмейтін момыным деп Тастан - тасқа секірген шұнағым деп. Әділқазылардың бағасы. 4 - айналым Жұмбақтар жасыру. Екі топ бір - біріне білетін жұмбақтарын жарыса отырып жасырады. Соңында ертегі кейіпкерлерінен «Жыл басына таласқан	суретпен жұмыс. Енді гүлдердің құрамымен танысайық. Тамыр сабағы, жапырағы. Гүлдерді бостан босқа жұлуға боладыма ? Гүлдер не үшін керек бізге ? Есікті тоқылдатып Буратина көңіл болып келді, Қолында жасанды гүл және құнбағыс бар. Тәрбиеші: Балалар мынау кім ? Буратино: Мен кішкентай балаларға жақсы бір іс жасайын деп едім, топтарыңа әдемі, сәнді, таза ауа болсын деп гүл сыйлайын деп келдім. Тәрбиеші: Буратино саған көп рахмет, сен бұл жас анды гүлдерді қай дүкеннен алдың. Буратино: мен таң қалып тұрмын, неге жасанды, олардың жапырақтары жасыл, сабағы да жасыл, гүлі қызыл. Жоқ мен әкелген гүлдер	тақырыбында бесікке салу рәсімін көрсету. мақсаты: сәби тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлермен танысу; дамытушылық: оқушылардың ауызекі сөйлеу, дұрыс жазу қабілеттерін дамыту; тәрбиелік: қазақ отбасының тәрбие жөнінде ерекшеліктерімен танысу, халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлерді құрметтеуге баулу; Көрнекі құралдар: интерактивті тақта. Тәрбиеші сөзі: тәрбие отбасынан басталады дегені мәлім. Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің — дейді қазақ мақалы. Бүгінгі сабақта біз бала, сәби тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлермен танысамыз. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Бесікке салу салты. Оқушыларды сабақтың мақсатымен таныстырып	орналастыруға бағыт беріп көмектеседі. Рефлексивті корекциялаушы: -Балалар сендер бүгін жұмысқа белсене қатыстыңдар,жұмыстарынды әдемі,ұқыпты салдыңдар. Енді сол жұмыстарыннан көрме ұйымдастырайық. Күтілетін нәтиже: Біледі: Ұлттық сәндік – қолданбалы өнер деген ұғымның мәнін Менгереді; Ою-өрнектің суретін салу жолдарын Игереді: өрнектерді дұрыс орналастыра біледі.

	Жарысқа түсіп қ - Балалар, айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше, қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілей отырып, жүрекшелерді сыйлайық. Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі-көңіл ажары! Күліп өмір сүрейік! ҰЖ «Сурет көрмесі» әдісі (Өткен сабақты қайталау) Тақтаға суреттер ілініп қойылады,суреттен өздеріне таныс тағамдарды таңдайды. -Тағам адам үшін қаншалықты қажет деп ойлайсыңдар? деген ортақ сұрақ қойылады. Сабақ мақсатын хабарлау . Бүгін біздер пайдалы және пайдасыз тағамдарды ажырата білуді үйренеміз. Топқа бөлу. «Мозайка» әдісі	хайуанаттар» мен «Бауырсақ» ертегісі Қыздар командасы. Жұмбақ Үстінде қос қорабы, Мінсең көлік болады, Жақындасаң қасына, Қорқытады баланы (Түйе) Адамға серік, Күзетке берік (Ит) Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар (Қой) Төрт бұлағы сүт Баққанға ол құт (Жылқы) Ұлдар командасы Жұмбақ Өзі бір қу, Жүрген жері айқай шу (Түлкі) Қашып кеткен атадан, Қашып кеткен ападан, Орманда кеше жүр едім Домалап шықты алдымнан. (Бауырсақ) Әдіқазылардың бағасы. Рефлексивті коррекциялау	тірі тәрбиешіні түсінбедім. Тәрбиеші: Балалар Буратино бір нәрсені түсінбей тұрмын кәне түсіндірейік. Гүлдер дегніміз орысша-цвет Бұл жасанды гүлдердің тірі гүлдер ден айырмашылығы барма ? Жасанды гүлдер дегеніміз не? Тәрбиеші: Түсіндіңбе Буротино? Түсіндім ,түсіндім ал жарайды мынау менің күнбағысым қалай ? Тәрбиеші: Ия бұл күнбағысыңда жас анды, ал тірі күнбағыстан не шығатынын мен айтып беремін. Күнбағыстың орысшасы балалар подсолнух. Күнбағыстан біз пістемайын аламыз. Ал пістемайдан көптеген тағамдар,	алдарына міндет қою. Сабақтың эпиграфы Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің тақтада слайд диаграмма «Бала (сәби) тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлер» 1. Дәптерлерді ашып сәби тәрбиесіне арналған салт-дәстүрлерді жазып қою. Шілдехана, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу. (тақтада осыған арнап суреттер көрсетіледі.) 2. Бүгін біз халқымыздың бесікке салу салтымен танысамыз. (слайд «Бесік – қасиетті мүлік, сәбидің алтын ұясы ») Оқушылардың алдарына «Бесікке салу» атты мәтін үлестіріп беріледі. Бесікке салу Халқымызда бесік – қасиетті мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу жолы жасы үлкен немесе елдің құрметті, өнегелі әжелеріне, әйелдеріне жүктеледі. Ол бесікті	

	Нұсқау: Әр топқа сурет беріледі, оқушылар мозайка құрастыру арқылы топтарға бөлінеді 1-топ: «жемістер» 2-топ: «көкөністер» 3-топ: «шырындар» 4-топ: «тағамдар» алайда. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі (ойлау дағдысын қалыптастыру мақсатында, оқушыларда ынтымақтастық құндылығын дарыту) Нұсқау: Сөздердегі бос орынды толтырып, оларға не жататынын анықтау. 1-топ. А дәрумені көздің көруін жақсартады. 2-топ. В дәрумені ағзаны нығайтып, күш-қуат береді. 3-топ. Д дәрумені сүйектерді қатайтады. 4-топ. С дәрумені иммунитетті көтеріп, ауруға қарсы тұрады. **Музыка** Балалар шығармашылығын	Екі команданың тең дәрежеде болғандығын айтты. Бүгінгі оқу іс - әрекетімізде жұмбақ әлемі туралы айтылғандығын, онда жұмбақтың шешуін тапқан қандай қызық, ал жұмбақты ойлап тапқан одан да қызық екендігін білді. Бүгінгі оқу іс - әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мақтай, мадақтай отырып әр бала жұлдыз болуға лайықты екенін айту, жұлдызшалармен бағалау. Балалар алған жұлдызшаларына мәз болды, өзара оқу іс - әрекетінен алған әсерлерімен бөлісті. Күтілетін нәтиже:Ұқыптылық, шыдамдылық, ептілік. Білуі керек:Балалар жұмбақ халық ауыз әдебиетінің бір түрі екенін білді. Жұмбақтың түрлерін білді.Жұмбақты	бауырсақтар жасаймыз.Адамдарға пайдасы көп. Буратино: мен енді түсіндім, тірі өсімдіктерге біз қамқорлық жасаумыз керекекенгой балалар. Тәрбиеші: Ал сенің күнбағысыңнан не шығады ? Ештеңе шықпайды, өйткені ол жасанды. Сергіту сәті. Тәрбиеші: менің балаларым саған тірі гүлді қалай отырғызу және қамқорлық жасауды көрсету Буратино қоштасып рахмет айтып кетеді. Буротино Ия Жасанды гүлдерді біз ойнағанда, үйімізді сәндеу үщін қолданамыз. Оларпласмассадан жасалған.	отпен аластап, баланы бөлейді. Осындай қуаныш үстінде «Бесік жыры» айтылады. Мерекелік дастарқан жайылып, бесікке салған адамға кәделі сый береді. Бесіктің сәби денсаулығына, тазалығына пайдасы өте зор. Бесіктегі сәбидің бойы, қол-аяғы түзу болады. Сондай-ақ бесік баланы суық пен ыстықтан қорғайды. Бесік ағаштан жасалады. Бесікті баланың нағашы жұрты арнайы жасатады. Баланы көзден сақтасын деп бесікке тұмар тағады. **Дене шынықтыру** Салауатты өмір салты «Эстафета» Шарты: Әр топ қатысушылары жалаушаны алып мәреге дейін жүгіріп барып өз орынына келіп өзінен кейінгі қатысушыға жалаушаны тапсыруы қажет, қай топ бірінші мәреге жетсе сол топ жеңімпаз.	

	дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу; «Музыкалық аспаптар» Мақсаты Домбыра түрлерімен,домбраның құрылысымен таныстыру.Домбра,қобыз құрылысымен үнін тыңдау,салыстыру.Күйші-композиторлардың өмірімен,шығармашылығымен таныстыру. «Қара жорға»әуенімен балалар залға кіріп, билеп орындарына тұрады. Амандасу. Түсіндіру: Қазақтың ұлттық аспаптары; домбыра, қобыз, сыбызғы, шаңқобыз, дабыл, даңғыра, үскірік. Орыс ұлтының аспаптары; балалайка, ағаш қасық, гармошка, қоңырау, скрипка. Музыка тыңдау: Домбыра аспабында «Еркемай» әнін тыңдайды ,баянда ми-мэ-муу дауыс жаттықтырады. Әртүрлі	шеше отырып, ертегі кейіпкерлерін шығарды. Ертегі кейіпкерлері қай ертегіде кездесетінін айта отырып, «Жыл басына таласқан хайуанаттар» мен «Бауырсақ» ертегісін құрастырып берді. Істей алуы: Сұрақтарға толық жауап беріп, жұмбақтардың шешуін дұрыс таба алды. **Музыка** Музыкалық аспаптарда ойнау. «Музыкалық аспаптар» Мақсаты Домбыра түрлерімен,домбраның құрылысымен таныстыру.Домбра,қобыз құрылысымен үнін тыңдау,салыстыру.Күйші-композиторлардың өмірімен,шығармашылығымен таныстыру. «Қара жорға»әуенімен балалар залға кіріп, билеп орындарына тұрады. Амандасу. Түсіндіру: Қазақтың ұлттық аспаптары; домбыра, қобыз, сыбызғы,	Ондай гүлдер біздің топтада бар. Тірі гүлдер өмеді, олардың тамырлары болады, суғарамыз, өскен сайын өзгереді, гүлденеді. Тұқымдары шығады. Гүлі болады.Күн болып жанайық, Мөлдір су болып ағайық. Гүл болып жайнайық, Терең, терең демалып Жүгіріп, жүгіріп алайық. Балалар горшокқа гүл отырғызады. Балалар Буратиномен қоштасады. Рефлексивті Түзетушілік Қортындылау: -Балалар бізге қонаққакім келді.	«Кеңгуру» Шарты: Балалардың алдына алжапқыш байлап, жеміс – жидектерді жинап өздеріне тиесілі себетке жинауы тиіс, қай топ көп жинаса,сол топ жеңімпаз. «Пингвин» Шарты: Допты аяқ арасына қысып алып, жерге құлатпай пингвиндер жүрісімен жүріп, мәреге жетуі тиіс, қай топ бірінші келсе сол топ жеңімпаз.	

	дыбыстар бар екенін айтып музыкалық аспаптарға жататынын айту. Ал қоңырау, сылдырмақ, барабан тек бір дыбыс береді олар шулы аспаптарға жатады. (баспалдақпен теңеу) болып келеді. Тақтаға назар аударайық. (Балаларға түсіндіру: Балалар музыка тыңдайды және оларды ажыратып айтады. Би билеу: «Сылдырмақтар» «Сылдырмақ» биін билейді Ән үйрену:«Домбыра» Балалар аспаптар еліне келген соң ән айтпай кете алмаймыз. Қазақтың ұлттық аспабы «Домбыра» әнін үйренейік. Сөзін жазған Жаньярова Г. 1. Біз кішкене бөбектерміз Асыр салып ойнаймыз Домбыраны қолға алып Ән саламыз билейміз Қ-сы: Домбыра, домбыра Екі ішекті домбыра	шаңқобыз, дабыл, даңғыра, үскірік. Орыс ұлтының аспаптары; балалайка, ағаш қасық, гармошка, қоңырау, скрипка. Музыка тыңдау: Домбыра аспабында «Еркемай» әнін тыңдайды ,баянда ми-мэ-муу дауыс жаттықтырады. Әртүрлі дыбыстар бар екенін айтып музыкалық аспаптарға жататынын айту. Ал қоңырау, сылдырмақ, барабан тек бір дыбыс береді олар шулы аспаптарға жатады. (баспалдақпен теңеу) болып келеді. Тақтаға назар аударайық. (Балаларға түсіндіру: Балалар музыка тыңдайды және оларды ажыратып айтады. Би билеу: «Сылдырмақтар» «Сылдырмақ» биін билейді Ән үйрену:«Домбыра» Балалар аспаптар еліне келген соң ән айтпай кете алмаймыз. Қазақтың	-Буратино бізге не алып келді ? Жарайсыңдар, балалар. Сендер өте ақылды, тамаша, жауап беріңдер. Осымен ұйымдастырылған оқу қызметіміз аяқталды. Қане, балалар орнымыздан тұрып келген қонақтармен қоштасайық. Буратино Балалар жауап береді. Балалар қуанып риза болады. Біздің топт ұл-қыздар , Тату-тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар апайларға , Тек жақсылық сыйлаймыз. Балалар сау болыңдар деп қоштасады.		

	Домбыра, домбыра Кәне, кәне сыңғырла. 2. Қандай әсем домбырамыз Мақтан тұтып жүрейік Киелі аспап екенін біз Бәрімізде білейік. Балаларға ән не туралы айтылғанын сұрау және түсіндіру, тақтадағы домбыра аспабы жарда және төрде ілініп тұрғанын көрсетіп түсіндіру. Балаларға бір жолдан үйрету. Балалар әнмен танысып бір жолдан қайталап үйренеді. Музыкалық дидактикалық ойын: МУЗЫКАЛЫҚ ҮЙШІКМақсаты:Аспаптардың тембрін ажырата білу. Ойын шарты:Педагог жабылғыштың артында тұрып музыкалық аспапта ойнайды.Аспап үнін таныған бала аспаптардың суреті бар карточканың сәйкесін алып, үйдің бір бос	ұлттық аспабы «Домбыра» әнін үйренейік. Сөзін жазған Жаньярова Г. 1. Біз кішкене бөбектерміз Асыр салып ойнаймыз Домбыраны қолға алып Ән саламыз билейміз Қ-сы: Домбыра, домбыра Екі ішекті домбыра Домбыра, домбыра Кәне, кәне сыңғырла. 2. Қандай әсем домбырамыз Мақтан тұтып жүрейік Киелі аспап екенін біз Бәрімізде білейік. Балаларға ән не туралы айтылғанын сұрау және түсіндіру, тақтадағы домбыра аспабы жарда және төрде ілініп тұрғанын көрсетіп түсіндіру. Балаларға бір жолдан үйрету. Балалар әнмен танысып бір жолдан қайталап үйренеді. Музыкалық дидактикалық ойын: МУЗЫКАЛЫҚ ҮЙШІК	**Дене шынықтыру** Қамқорлық жасау Мақсаты: Тәрбиелік: «қайырымдылық», «қамқорлық», «жақсылық» құндылықтары туралы түсініктері артады. Білімділік: әңгіменің мазмұнын түсінеді. «Қамқорлық» туралы білім қалыптасады. Адамға, табиғатқа, құстарға, өсімдіктерге қамқорлық жасауды біледі. Дамытушылық: сыни ойлау, командада жұмыс жасау, коммуникативтік қарым-қатынас жасау дағдылары дамиды. Әдіс-тәсілдер: флипчарт, әңгімелеу, түсіндіру, сауалнама, ойын, ТРИЗ. «Ғажайып шеңбер» әдісі, «Сиқырлы ағаш» әдісі, «Қасық» театры. Ресурстар: Слайд, суреттер, таратпа материалдар. Жаңа сөз: «қамқорлық»		

	әйнегін жабады. Осылайша барлық терезелер толық жабылуы керек. Қорытынды сұрақтар қойып, оқу қызметіне белсене араласқан баланы мадақтау. Күтілетін нәтиже: Біледі: музыкалық аспаптарды ажыратады. Игереді үрмелі, ұрмалы, ішекті деген мағыналарды игерді. Меңгереді Ойынның ойналу барысын меңгерді.	Мақсаты:Аспаптардың тембрін ажырата білу. Ойын шарты:Педагог жабылғыштың артында тұрып музыкалық аспапта ойнайды.Аспап үнін таныған бала аспаптардың суреті бар карточканың сәйкесін алып, үйдің бір бос әйнегін жабады. Осылайша барлық терезелер толық жабылуы керек. Қорытынды сұрақтар қойып, оқу қызметіне белсене араласқан баланы мадақтау. Күтілетін нәтиже: Біледі: музыкалық аспаптарды ажыратады. Игереді үрмелі, ұрмалы, ішекті деген мағыналарды игерді. Меңгереді Ойынның ойналу барысын меңгерді. «Наурыз жыры» әнін қайталау. **Сауат ашу негіздері** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін	сөзінің мағынасын түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Жаңғыртады: қамқор болуға үйренеді. Түсінеді: әңгімені мазмұндап, сүйіспеншілік құндылықтар туралы біледі. Қолданады: өмірде әрекетте қолдана алады. Барысы: І. Сәлемдесу. (Балалар үш тілде сәлемдеседі) Қайырымды жүрекпен, Мейірімді тілекпен, Ізгілікті ниетпен, Қамқор бала болып өсеміз! Тыныштық сәті (баяу музыка ойнайды). Көзімізді жұмып, денемізді бос ұстап, еркін отырамыз. Денеміз демалып, санамыз сергиді. Енді өз дененді көз алдыңа елестетіп көр. Бір жылылық басыңыздан бастап, аяғыңыздың ұшына дейін келді. Біз		

		ұстап, сызықтарды үзбей салу; Мақсаты: сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға жауап беруге үйрету; сурет бойынша ойын тиянақты жеткізе білуге баулу. Балаға өз ойын жүйелі түрде айта білуге үйрету арқылы зейінін дамыту. Балабақшада достарымен, үлкендермен қарым - қатынаста кішіпейіл болуға тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Әдіс - тәсілдер: сұрақ - жауап, түсіндіру, ароматерапия. Сөздік жұмысы: байтағым, баулып. Оқу іс - әрекетінің көрнекіліктері: суреттер, слайдтар. Қолданылған әдебиеттер: Сауат ашу және жазу (әдістемелік құрал) 30 бет Мотивациялық қозғаушы І. Ұйымдастыру кезеңі. 1. Балалар шаттық шеңберіне дөңгелене	жақсы мен жаманның не екенін ажыратып, бойымыз жеңілдеп қалғандай күй кешеміз. Бейне бір ақ түсті көбелекке ұқсап, ұшатын қанат пайда болғандай. Ойша айналаға көз салайық. Міне ғажап, жайқалып өскен жеміс ағаштары бізге иіліп сәлем бергендей. Жүздерінен мейірімі төгілген балалар бір-біріне көмектесу үстінде. Бірі гүлге су құйып жатса, екіншісі құстарға ұя жасап жатыр, үшіншісі қарттарға көмектесу үстінде. Тек қана әдемі, жақсы заттарға көзіміз түседі. Құлпырған гүлдер, оның маңында жақсы балалар… Олардың әрқайсысының жүзінде күлкі ойнайды. Жер бетіндегі барлық тірі зат біздерге:«Жақсы бала бол!» деп сыбырлағандай болады. Ал төбеміздан нұр		

		тұрады. Жоғарыда шаңырақ ілінген. Балалар қолдарына түрлі түсті таспаларды (ленталарды) алып, өз балабақшасына деген ізгі тілектерін айтады. 2. “Кім болам?” дидактикалық ойыны. Ойын шарты: балалардың ішінен «тілші» сайланады. Тілші болып сайланған бала басқа балаларға «Болашақта кім боласын?» деген сұрақты қойып, олардан сұхбат алады. Балалардың қалауы бойынша «тілші» рөлі ауысып отырады. Ұйымдастыру - іздену Негізгі бөлім. 1. Тыныштық сәтін өткізу. 2.Сергіту сәті. 1. Дәптердің 4 - 5 беттердегі суреттер бойынша әңгіме құрастыру. Тірек сөздер: ойын бөлмесі, тәрбиеші, ойыншықтар, ойын алаңы, құм, сырғанау, әткеншек, шелек. 2. Н. Әлімқұловтың	шашқан алтын күн бізге:«Жақсы болу өзіңнен» деп қарайды. Иә, иә шынында да, көбелектер секілді әдемі болып, тек қана әдемі жерде жүру керек екен-ау! Біз барлығымыз да жақсы екенбіз ғой! Жақсы болу өзімізден екенін біз де сезінгендейміз. Ал, енді «бір, екі, үш»деп, көзімізді ашып тобымызға келейік. Балалар сендер бүгін өте қамқор, қайырымды баласыңдар. Өйткені, сендердің жүректерің жылыққа толы. Суретпен жұмыс. «Ой шақыру» әдісі. Слайд суреттері арқылы әңгіме. — Суретте не көріп тұрсыңдар? -Суреттегі балаға ат қойыңдар. -Қай баланың ісі сендерге ұнады? — Осы суреттен не байқадыңдар? -Қай балаға ұқсағың		

		“Балабақшам – байлығым” немесе балабақша туралы басқа ақындардың өлеңін оқу. 3. Сергіту сәтін өткізу. Бала, бала баламыз, бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа батамыз да қаламыз. Үйренеміз өнер біз, шетіміздан шеберміз. Тақпақ айтып, ән де айтып, би де билеп береміз. 4. Дәптермен жұмыс (4 - 5 беттері бойынша). а) Педагог үздік сызықтарды (баланың балабақшаға дейінгі жолын) қалай қосып сызу керектігін және штрихтауды тақтада көрсетеді. 5 - беттегі үздік сызықтарды қосып сызу арқылы доптардың суретін салу және оларды бояу. Педагог балалардың жұмысын тексеріп, қалай сызу, штрихтау керектігін әр балаға көрсетіп жүреді. Рефлексифті түзету	келеді? -Не үшін ол балаға ұқсайсың? Сөздік жұмысы. «Қамқорлық» сөзін қалай түсінесіңдер? «Қамқорлық» дегеніміз адам бойындағы мейірім-шапағаттан тұратын ізгілік. Қиналған жандарға, науқас кісілерге, қарт адамдарға аяушылықпен қарау, қол ұшын беру, көмектесу, жанашырлық көрсету жылы жүректілікті білдіреді. Осындай жылы жүректен туған сол жақсылықтарды «қамқорлық» деп атаймыз. «Қамқорлық» сөзін орыс тілінде айтып үйренеміз? Қамқорлық –забота, қамқоршы-заботливый, қамқор бала-заботливый мальчик Ғажайып тақтамен жұмыс. Үлкенге		

		Оқу іс - әрекетін қорытындылау. Оқу іс - әрекеті барысында алған білімдері сұрақ - жауап әдісі арқылы пысықталады. Күтілетін нәтиже: Білу: сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға жауап беруге үйрету Игеру: Балаға өз ойын жүйелі түрде айтуды игерту. Меңгеру: Мектепте достарымен, үлкендермен қарым - қатынаста кішіпейіл болуды меңгерту. **Сөйлеуді дамыту** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру. Балалардың сөздік қорын, есте сақтау, танымдық қабілеттерін дамыту. Өз ойларын толық айтып жеткізуге	қамқорлық жасау. - Құстарға қамқорлық жасау. - Өсімдіктерге қамқорлық жасау. - Кішіге қамқор болу. - Мәдіхат Төрежановтың «Қамқорлық» әңгімесін оқу. (Автормен қысқаша таныстыру). Мәдіхат Төрежанов 1921 жылы туған. Жазушы. Оның балаларға арналған көптеген әңгімелері бар. Мәтінді оқып танысады, сұрақтарға жауап береді. * Әңгіме кімдер туралы? * Нақысбек кімге қамқорлық жасады? * Назымбек не деді? * Кішкентай баланың аты кім? * Нақысбек Төлегенді кімге әкелді? * Хирург Нақысбекке не деді? * Сендер қалай ойлайсыңдар, Күләш апай Нақысбекке		

		жаттықтыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Көрнекілік: Отбасы мүшелерінің суреттері, екі - үш түсті тұсау кесер жібі, қайшы, асықтар, ақ мата, суреттер, заттар, фотосуреттер Тұсау тойына қатысушылар: Ұлттық киімдегі балалар, тұсау кесілетін бала, тұсау кесуші әже, тойға шақырылғандар. Сөздік: Отбасы, тұсау кесу, той, салт - дәстүр. Сабақтың барысы: І. Сәлемдесу. Хош келіпсіз біздерге Сәлем бердік сіздерге. Тәрбиеші: - Балалар, біз қазір «Өзіңді таны» деген ойынды ойнаймыз. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту. Отбасы мүшелерін атау. Өз ойын толық айтып жеткізуге тәрбиелеу. Тәрбиеші: - Балалар, бұл фото суретте кім? Кім өзінде таныды?	ұрысты ма? * Неге ұрыспады? (балалардың пікірі тыңдалады) * Сендер Нақысбекке ұқсағыларың келе ме, Әлде, Назымбекке ұқсағыларың келе ме? Топтармен жұмыс. 3 топпен жұмыс. Ол үшін «Ғажайып шеңбер» әдісі арқылы топқа бөлінеміз. Ерекшеленген белгі алған бала топ басшысы болып сайланады. 1 – топ. слайд бойынша «Қамқорлық» әңгімесін ретімен мазмұндайды. 2 – топ. суреттер арқылы «жақсы-жаман» іс-әрекеттерді топтастырады. 3 – топ. «Қамқорлық» әңгімесінің мазмұнын «Қасық» театры арқылы рөлдерге бөлініп сахналайды. Сергіту сәті. «Біздің үйіміз» құрылыс материалдары арқылы бір-бірлеп құрастыру арқылы орындайды.		

		Суретте сендер қайдасыңдар? Суретте кім бар? Бір сөзбен қалай айтамыз? (Балалардың жауаптары) - Менің отбасымда төрт адам бар. Әкем, шешем, ағам және мен. - Менің отбасымда үш адам бар. Әкем, шешем, мен. - Балалар, қандай мерекелерді білесіңдер? - Жаңа жыл, 8 наурыз..... - 8 наурыз, кімнің мерекесі? - Әжелердің, аналардың, қыздардың мерекесі. - Мерекені қандай көңілмен қарсы аламыз? - Қуанышты, жақсы - Қазақ халқы өз салт - дәстүрлерімен бай. Біз қандай салт - дәстүрімен таныстық? Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы суреттерге аударады. (40 - шығару», «Бесікке салу», «Тұсау кесу» - Бұл қандай салт - дәстүр?	Мақсаты: бірлесіп еңбектене отырып, құрастыру арқылы сергіту. «Маған көмектес …» құрылымдалған ойыны. «Бәйтерек» ағашымен ойын. Ойын мазмұны: Балалар ағашқа көмек көрсету үшін сұрақтарға жауап береді. -Бүгін қандай әңгімемен таныстыңдар? -Әңгіме қалай аталады? -Нақысбек кімге көмектесті? — Балаларға қарап, не үйрендіңдер? -Қамқорлықтың қандай түрлері бар екен? -Қамқор болу үшін қандай болу керек? -Адамға, кішіге жасаған Нақысбектің ісі ұнады ма? Қорытындылау. Табиғатқа, қиналған адамдарға қайырымдылық, жақсылық жасау дегенді білдіреді екен. — Сендердің		

		- «40 - нан шығару», «Бесікке салу» Дидактикалық ойын: « Заттарды дұрыс орналастыр» Балалар екі топқа бөлінеді. 1-топ – «40 - шығару» салт - дәстүріне қажетті заттарды алады, суреттің қасына қояды. 2- топ –«Бесікке салу». Тәрбиеші: - «Бесікке салу» дәстүрін өткізу үшін қандай заттар керек? Балалар: - бесік, май шам, пышақ, жастық, көрпе.... Тәрбиеші: - «40 - шығару»дәстүрін өткізу үшін, қандай заттар керек? Балалар: - леген, су, қайшы, қасық.... Тәрбиеші: - Топтастырып қойдық, бірақ қайшы, түсті жіптер қалып қойды. Неге? Қажет емес пе? Бұл заттар қажет, бірақ басқа рәсімге. Балалар, (суретке назар аударып) ал осы салт - дәстүрді кім біледі? Біз бүгін жаңа салт -	қамқорлық жасаған кездерің болды ма? (балалардың жауабы тыңдалады). Ғажайып сөз: «Қамқорлық жылы – жүректен» дегенді ұғып алыңдар. Сонда ғана сендер қамқор бала болып өсесіңдер. Сауалнама. «Ыстық доп» әдісі арқылы қорытындылау. Кері байланыс. «Бас бармақ» әдісі арқылы Қорытындылау! Саусақ арқылы бағалау! Керемет!		

		дәстүрмен танысамыз. Балалар отырады. Тәрбиеші: Отбасының үлкен қуанышының бірі – сәби. Сәби аяғын алғаш рет басқанда тұсау кесу рәсімі өткізіледі. Тұсау кесу рәсімін – бала тез жүріп кетсін деп өткізеді. Топқа әже, бала кіреді. Балалар әжемен амандасады. Әже: Осы отаудың қуанышына кішкентай баламыздың тойына келіпсіңдер, қадамдарыңызға..... бітсін: Мына кішкентай ұрпағы өмірге қадам басқалы отыр. Ауыл әжесі, өзіңізден тұсау кесер батаны сұраймыз. (балалар қолдарың жайып отырады) Әже бата береді: Ей, жаратқан, тілегімізді қабыл ала ғой! Жас ұрпақ, ғұмырлы болсын, Қуанышты, көңілді			

		болсын, Ақылды, зерделі болсын, Абыройлы, беделді болсын, Халқының..... болсын. Елінің қамқоры болсын Мәртебесі биік болсын, Не тілесе, тілегі қабыл болсын! Осы тілекке жететіндей Әр бір қадамы сәтті болсын Әумин! Бәрі: Әумин деп беттерін сипайды. Әже: Баланың тұсауын кесер тойына әдейі тілек етіп, мына жіптерді дайындадым. Ақ жіп қостым – адалдыққа апарсын деп Жасыл жіп қостым – ғұмырлы, көсегесі көгерген азамат болсын деп Қызыл жіп қостым -..... қызылға оранған молшылықты болсын деп. Ақ жол дайындау. Әуен.			

		Тәрбиеші: Ендеше, жүріс - тұрысымен де, ақылы парасатымен де, көргенділігімен де көзге түскен ауыл азаматты..... баламыздың тұсауын кесіп беруді өтінеміз. Тұсау кесетін әже: А, Бисмилла ир - рахман - ир – рахим Аяғыңның орасын қашықтап ұста, сонда өмірден кібіртіктемей өтсін, осалдау байлайын ырысты бол! Ал, кәнеки, қайшы әкеліңдер – дейді әже. Балапаным, құдай жақсылықтан ажыратпасын Жақсы ісінмен бақытқа жет! Бисмилляһи – ир – рахман – ир - рахмин – деп тұсау кеседі. Қаз – қаз балам, қаз балам. Қадам бассаң мәз болам. Құрмеуіңді шешкейсің			

		Тұсауыңды кесейін. Балалар: қаз - қаз, балам, қаз балам, ... жаз балам. Тәрбиеші: - Тойда, балалар, әр түрлі ойын ойнайды. Ойын: «Ханталапай» (асықпен ойын) Жеңімпаз бала сәбиге тілек білдіреді. Тәрбиеші: - Бүгін қандай дәстүрмен таныстық? - Тұса кесу. - Тұсау кесу дәстүрін не үшін өткізеді? - Бала тез жүріп кетсін деп. - Қандай түсті жіптермен қолдандық? - Қызыл, жасыл, ақ. - Тұсауын кім кесті? - Әже. Әже: Өркендерің өсіп, қарақтарым. Менің балам да сендердің орталарыңда дені сау болып өсіп, ел тілегін өтей алатындай дәрежеге жетсін.			

		Шашу шашылады. Қоштасу. «Ұлттық киімдер» топтамасымен жұмыс. Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру			
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Картотека №9	Картотека №10	Картотека №11	Картотека №13	Картотека №14
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін шешуі, гигиеналық шараларды ұйымдастыру.				
Балалармен жеке жұмыс	Рустамға ат әбзелдерін дұрыс тану мен атауды дамыту.	Ляйсанмен түзу, қиғаш, көлбеу, тік сызықтар салуды бекіту;	Мариямға қалам ұстау дағдысын дамытуды жалғастыру.	Ляйсанға жүруден жүгіруге алмастыру	Мариямға сурет салу дағдысын дамыту
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел-үсті ойыны «Қандай пішін шықты?» Мақсаты: таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.	Дидактикалық ойын «Түрлі-түсті шарлар» Мақсаты: 2 жұпты (топты) заттарды салыстырып, бірдейлерін табуға және кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	Үстел-үсті ойыны «Сол жақ па, оң жақ па?» Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Қимылды ойын «Ретімен орналастыр!» Мақсаты: сандарды ажыратып білуге және санап үйренуге қызықтыру, реттік санауды меңгеруге, уақытты бағдарлауға	Бейнелеу іс-әрекеті «Көрпені жамауға көмектес!» Мақсаты: геометриялық пішіндермен таныстыру, оларды орналасқан орны бойынша таба білу.

				үйрету.	
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың тарауы. Ата-аналармен жеке әңгімелесу, кеңес беру.	Балалардың үйге қайтуы. Мектептегі ережелер туралы еске салу.	Үйге қайту. Мектеп формасын қадағалау.	Балалардың үйге оралуы. Балалардың жетістігі туралы айту.	Үйге тарау. Әдептілік сөздерді үйрету

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:Еркіндік ЖББМ

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі 27-31наурыз 2023жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма**
Балаларды қабылдау	Қайырлы күн!	Көңілді доп арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Көңілді әуенмен қарсы алу	Жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен Әңгімелесу	Баланың эмоционалды көңіл- күйі жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы Әңгіме	Үстел үстінде қалай отыратыны жайлы әңгіме	Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме	Бала демалыс күнінде немен айналысатыны жайлы әңгіме
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау)	Қимылды ойын «Теңбіл доп» Мақсаты: аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту, қимыл- қозғалыстарын жетілдіру, балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету.	Дид ойын «Пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.	Бейнелеу іс-әрекеті «Вагонның дөңгелектері» Мақсаты: дөңгелек, шеңбер ұғымдарымен танысу, сурет салуға баулу.	Үстел-үсті ойыны «Гараждар» Мақсаты: ойлау қабілеттерін дамыту, жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.	Дид ойын «Бұл кім?» Мақсаты: отбасы мүшелерін, сыныптағы немесе топтағы достарын, мұғалімдерін тану, баланың ортамен қарым-қатынас орнатуға дағдыландыру.
ҰІӘ дайындық	Кітап бұрышын аралау.	«Көңілді пішіндер» алаңында болу	«Луллия» шеңберінде ойнау	Кітап бұрышында болу	«Аквариумды» бақылау
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** Штрихтау	**Көркем әдебиет** Жұмбақ шешу	**Математика негіздері** Кеңістікті бағдарлау.	**Қазақ тілі** Өз бетінше қарым-	**Көркем әдебиет** Шешендік сөз өнерге

	Мақсаты: Балаларға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, берілген сызбалар арқылы бейнелерді қосуға жаттықтыру, жұмысты аяғына дейін жеткізуге талаптандыру, белсенділікке, ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. Сызықтар Мақсаты: Қолдарын үзбей тура, көлбеу, қисық сызықтарды сызуға үйрету. Геометриялық фигураларды бейнелеу арқылы танымдық белсенділігін арттыру. Тазалыққа, ептілікке тәрбиелеу. Нүкте Мақсаты: Тапсырмалардағы нүктелерді қосу арқылы балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру,кеңістікті бағдарлауды дамыту, өз жұмысын бағалауға үйрету, шыдамдылыққа	Мақсаты:Балаларға жұмбақ туралы білім беру. Шығармашылық халық ауыз әдебиетімен таныстыру. Ой - өрісін дамыту. Тіл байлығын жетілдіру. Оқу іс - әрекетіне деген қызығушылығын арттыру. Сөздік қорын байытып, сөйлемнің дұрыс грамматикалық қатарын құру. Әдіс - тәсілдері:түсіндіру, қимыл - жаттығуларды көрсету, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ой қозғау, ойын. Билингвалды сыңары: жұмбақ - загадка, ертегі - сказка Мотиациялық қозғаушы. - Бүгінгі оқу іс - әрекетімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық. Шаттық шеңбер.	«Оң жақта - сол жақта, астында - үстінде, арасында» Мақсаты: Балаларды кеңістік қатынастарымен оң – сол, үстінде, астында, арасында ұғымдарымен таныстыру. Заттардың өзара орналасуын, орынын ажырата білуге үйрету. Билингвальдық компоненті: Оң жақ - справа, сол жақ - слева. I кезең - мотивациялық қозғаушы Тапсырмаларды орындау. 3 рет аяқпен тарсылдату. 2 рет оңға, 2 рет солға қадам басу. Алақанмен 3 рет жоғары, 1 рет төмен шапалақтау.	қатынас жасауға,баулу. Ұшақтар Сабақтың мақсаты: Білімділік: Оқушылардың танымдылық деңгейлерін кенейту, ұшақ, әуежай туралы білімдерін толықтыру. Дамытушылық: ауызекі сөйлеу әрекеттерін дамыту, құрмалас сөйлем құрастыру, талдай білуге жаттықтыру. Тәрбиелік: мәдениетті сөйлей білуге, Отанымыздың дамуына өз үлесін қосу, болашақта қандай маман иесі болатындығын түсіне білуге баулу. Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Кезекшімен сұхбат II. Үй жұмысын тексеру III. Сабақтың мақсатын, барысын түсіндіру.	баулу,санамақ,жаңылтпаш айту,жұмбақ шешу,айтыс өнеріне баулу. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін мазмұндау. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу. Санамақтар Санамақ Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. ***

	баулу. Бастырып үйренеміз Мақсаты: Суреттегі бейнелерді қолдарын үзбей бастыруға үйрету, бастаған істі аяқтай білуге қалыптастыру, түстерді айырып, щығармашылық қабілеттерін шыңдауға баулу. Бояуға үйретеміз Мақсаты: Сандарды санау арқылы түстерді ажыратып, суреттерді бояуға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттырып, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Шыдамдылыққа , әсемділікке тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамыту** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру. Қазақтың салт -	Күннің көзі ашылды. Көкке шуақ шашылды Құтты қонақ келіпті Төрімізге еніпті Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Ал, кәнекей бәріміз Сәлем дейік үлкенге Сәлеметсіздер ме, Құрметті қонақтар 2 командаға бөліну Ұлдар командасы. Қыздар командасы. Ал, енді балалар біз оқу іс - әрекетімізді бастамас бұрын қазір қай мезгіл екенін айтып өтейік. Бір жылда қанша мезгіл бар? Соның қазір қай мезгілі?	II кезең - ұйымдастырушылық ізденушілік Ертеде – Айша, Әлия және Әнел деген үш қыз өмір сүріпті. Айша – ең ұзыны, Әлия - оң жақта тұр, Әнел сол жақта тұр. Қыздардың қайсысының бойы қысқа? Ең ұзын қыздың аты кім? Айшадан қысқа қыздың аты кім? - Әр қыздың қай үйде тұратынын ойлап табындар, қарындашпен көрсетіңдер. - Биік үй қай жақта? Одан аласа үй қай жақта? Ең аласа үй қай жерде? Бір күні Айша, Әлия	Жаңа сабақ. «Сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайды.» Б. М. Теплов 1 - тапсырма. Б. М. Тепловтың сөйлеу мәдениеті туралы ойын қалай түсінесің? Адам өзінің сөйлеу мәдениетін анықтама бюросында көрсете ала ма? 2 - тапсырма. Диалогты оқып, түсінуге тырысыңдар. - Кешіріңіз, Алматыға дейін ұшақ неше сағат ұшады? - Ұшақ Алматыға дейін 1 сағат 20 минут ұшады. - Ұшақ жолда қонады ма? - Ұшақ жолда қонбайды. - Ұшаққа бір билет бар ма? - Сізге қай күнге керек?	Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян; Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Саусақ санау ойыны Қуыр - қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. **Қазақ тілі**

	дәстүрімен таныстыру. Балалардың сөздік қорын, есте сақтау, танымдық қабілеттерін дамыту. Өз ойларын толық айтып жеткізуге жаттықтыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Көрнекілік: Отбасы мүшелерінің суреттері, екі - үш түсті тұсау кесер жібі, қайшы, асықтар, ақ мата, суреттер, заттар, фотосуреттер Тұсау тойына қатысушылар: Ұлттық киімдегі балалар, тұсау кесілетін бала, тұсау кесуші әже, тойға шақырылғандар. Сөздік: Отбасы, тұсау кесу, той, салт - дәстүр. Сабақтың барысы: I. Сәлемдесу. Хош	Қыс қанша айдан тұрады? Біз қыс мезгілінде қандай мерекелерді атап өттік? 4 мезгіл бар Қыс Желтоқсан, қаңтар, ақпан. 16 - желтоқсан, Жаңа Жыл Ал енді, балалар төрт мезгілге байланысты тақпақ айтайық. Қандай қызық қыс деген? Бәрін шебер істеген Бақша - бауды, тауды да, Бояған ақ түспенен. Ал, енді балалар біз жаңа оқу іс - әрекетіне көшейік. Бүгінгі оқу іс - әрекеті «Жұмбақтар әлемі». Енді балалар жұмбақтар әлеміне барайық. Мына жерде не көріп	және Әнел орманға барады. Өзенге жақындап келіп, олар мынаны көреді: өзен жағасына да екі ағаш өсіп тұр екен, оның аласасы - шырша да, одан биігі – ұшы әрең көрінетін қарағай. - Шырша қай жерде орналасқан? Қарағай ше? - Орманда қыздардың нені кездестіргенін жұмбақты шешу арқылы табыңдар. Жұмбақтар: Үсті толы ине, Бірақ та іс тігіп Қадамайды түйме. Бұтақтарға секіріп, Әр жерден қылт етеді Кейде жаңғақ кеміріп, Жоғары өрлеп кетеді. Қорыққанда жел аяқ,	- Маған ақпанның он бесіне, кешкі уақытқа керек. - Ақпанның он бесінде Қарағандыдан Алматыға 9Y 723 рейсі ұшады. Осы ұшаққа билет бар. Аласыз ба? - Алматының ауа райы туралы қайдан білуге болады? - Ұшақ қонуға бет алғанда стюардесса хабарлайды. - Ұшаққа өзіммен бірге неше кг жүк ала аламын? - Өзіңізбен бірге 10 кг жүк ала аласыз. Қалған жүгіңізді Алматының жол жүгі бөлімінен аласыз. - Менің бірінші рет ұшаққа отыруым еді. Егер ұшақта жүрегім айныса, гигиеналық пакет керек болса, не істеуіме болады? - Егер ұшақта жүрегіңіз айныса, стюардессаны шақыруға болады. Ол	Өз бетінше қарым-қатынас жасау Ұшақтар Мақсаты: Білімділік Оқушылардың танымдылық деңгейлерін кенейту, ұшақ, әуежай туралы білімдерін толықтыру. Дамытушылық: ауызекі сөйлеу әрекеттерін дамыту, құрмалас сөйлем құрастыру, талдай білуге жаттықтыру. Тәрбиелік: мәдениетті сөйлей білуге, Отанымыздың дамуына өз үлесін қосу, болашақта қандай маман иесі болатындығын түсіне білуге баулу. Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. Кезекшімен сұхбат II. Үй жұмысын тексеру

